

№1 Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

2025 жылғы «5» қыркүйек

Қатысқандар: 7 адам

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің Типтік ережелерімен танысу.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Тындалды:

А.А. Достанбекова – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы, қатысушыларды педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің Типтік ережелерімен таныстырды (ережелері қоса тіркеледі).

Л.А. Зимина – зейнеткер педагог, педагогтерге «Педагог мәртебесі туралы» заң бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Әсіресе жас мамандарға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

А.А. Достанбекова – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы. Айнаш Аманбайқызы 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын қарауға ұсынды.

О.В. Мищерина – педагог-психолог, педагогикалық әдепті сақтау мәселелері бойынша сауалнама жүргізуді жұмыс жоспарына енгізуді ұсынды.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес (2023 жылғы 14.07. №208 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің Типтік ережелері сақталсын
2. Қолданыстағы төраға А.А. Достанбекованы, ал хатшы А.У. Ерденованы қызметінде қалдырылсын .
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары енгізілген толықтыруларды ескере отырып бекітілсін.

ПӘ жөніндегі кеңес төрайымы:



Достанбекова А.А.

Хатшы:



Ерденова А.У.

№2 Хаттама
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

2025 жылғы «14» қараша

Қатысқандар: 7 адам
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының іске асырылуына бақылау жүргізу.

2. Педагогикалық кеңес аясында педагогикалық әдеп мәселесін қарастыру: «Қазіргі заманғы мұғалім қандай кәсіби қасиеттерге ие болуы тиіс?»

Бірінші мәселе бойынша: А.А. Достанбекова – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы сөз сөйлеп, «Педагог мәртебесі туралы» Заң мен №190 бұйрықтың орындалу барысы туралы хабарлады. Келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

- жалпы білім беру ұйымы педагогтерінің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы;
- педагогтердің құқықтарын және олардың кәсіби мәртебесін қорғау;
- білім беру ұйымдарында заңнамаының орындалуын бақылау тетіктері.

Шешім:

- заң мен бұйрықта қарастырылған педагогикалық әдеп нормаларының орындалуына бақылауды күшейту;
- педагогикалық ұжым арасында педагогтердің құқықтары мен міндеттері туралы қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- мекемеде педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы туралы есеп дайындап, оны педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің келесі отырысында ұсыну.

Екінші мәселе бойынша: О.В. Мищерина – педагог-психолог сөз сөйлеп, қазіргі заманғы мұғалімнің негізгі кәсіби қасиеттерін талқылауды ұсынды, соның ішінде:

- құзыреттілік пен кәсібилік;
- мейірімділік пен эмпатия;
- жауапкершілік пен адалдық;
- өзін-өзі дамытуға және өзгерістерге бейімделуге қабілеттілік;
- әртүрлі санаттағы оқушылармен жұмыс істей білу.